



Мұның бәрі біздің қуатты мемлекет болуымыз үшін керек

Қазір жұрттың бәрі Қазақстанда атом электр стансасын салу керек пе, жоқ па деген мәселені талқылау үстінде.

Мен өзім Тараз қаласындағы Дулати атындағы университетке грантпен түсіп, екі жылдан соң оқуымды техникалық білімнің ұстаханасы – Санкт-Петербургтегі Плеханов атындағы Тау-кен институтында жалғастырғанмын. Сол бір жылдары тау-кен факультетін Ресейде бітірген жалғыз қазақ жігіті болдым. Техника ғылымдарының кандидатымын. Мұнай өнімдерінің парафинін азайту жөнінде ғылыми еңбегім жоғары бағаланды. Кейін АҚШ-та, Ұлыбританияда, Оңтүстік Кореяда білімімді жетілдірдім. Елімізде техникалық кадрлардың жетіспейтінін көзіммен көріп жүргендіктен, алған білімімді кадр даярлау ісіне жұмсауға бекіндім. Ата-анам таңдауымды қолдады.

Қазіргі таңда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде студенттерге үш тілде дәріс беремін. Көптеген мақалаларым, әдістемелік оқулықтарым үш тілде жарық көрген. Алатын жалақыға алақаным толмаса да, Мемлекет басшысының «қазақ технарлары керек» деген сөздерін естіп, қанаттанып қаламын. Өзге елдер қызметке қанша шақырса да білімімді өз елімнің игілігіне жұмсағым келді. Мен ақша соңынан қуып кетпей, кадр даярлау ісіне атсалысатын азаматтар елімізде көбірек болса деп армандаймын. Еңбек адамын бағалау керек деп жатады. Дұрыс-ақ. Біз сияқты студенттермен жұмыс істейтін мамандардың да орны бөлек. Оны



лық реакторда ядролық отын орналасады. Заманауи реактордан бөлінген жылудан бұл атом электр стансалары жұмыс істейді. Ядролық отын ретінде уран изотоптары пайдаланылады. Қазіргі уақытта турбинасыз электр тогын алу жолдары да зерттелуде. Дәл осы атом электр стансалары электр энергиясына деген қажеттілікті түбегейлі шешетін болады.

Біріншіден, атом электр стансалары электр энергиясын тұрақты, үздіксіз өндіреді. Электр қуатының еш қаупі жоқ.

Екіншіден, атом электр стансалары ең үлкен көлемде электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, ауаның ластануына келсек, көмір және газға қарағанда, атом электр стансаларында күкірт, азот оксидтері сияқты зиянды заттардың шығарындылары анағұрлым төмен.

56 энергоблок бар. Ресейдің өзі қаншама экономикалық санкцияларға ұшырап жатқанына қарамастан, онда 36 энергоблок жұмыс істеп тұр. Біздің Қазақстанға келсек, жедел нейтронмен жұмыс істейтін 1 реактор Ақтау қаласын тұщы сумен, электр энергиясымен қамтамасыз етіп келген. Оны біреу біледі, біреу білмейді. Қазақстандағы реактордың зияны не зардабы туралы еш жерде байбалам салынып жатқан жоқ. Демек, зияны жоқ деген сөз.

Энергетика мамандарының тапдауына сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстанның электр қуатына деген қажеттілігі 28,2 гигаватты құрамақ. Дефицит 6 гигаватты өзге мемлекеттерден сатып алуға тура келеді. Сұранысты өзіміз толық жаба алмағандықтан, жетіспейтін электр энергиясын Ресейден алып отырған жайымыз бар. Бөрінен де қызығы, уран өзімізден шығады. Уран қоры бойынша әлемде екінші орындамыз, оны өндіру бойынша бірінші орындамыз.

Менің ата-бабаларым қарт Қаратаудың баурайын, Қозмолдақ-Сызғанды мекен еткен. Ол қазіргі уран өндіретін жерден аса алыс емес, қозы көш жер ғана. Бабаларымыз қазба байлықтардың мұртын бұзбастан ұрпақтарына аманат етіп кетті. Біз шикізатты сатып, мардымсыз табыс тапқанша, өзімізде өндіріп, ел игілігіне жаратсақ, қанеки!

Тағы бір айта кететін мәселе, баламалы энергия көздері – табиғи жолмен өндірілетін күн және жел, су энергиялары еліміздегі өндірістердің сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Ойлағанда табиғи энер-

студенттермен жұмыс істейтін мамандардың да орны бөлек. Оны мен өзімді шақырған шетел компанияларының ұсыңған жалақыларынан сезінемін. Ақша ешқашан артықтық етпейді, ол күнкөріс құралы ретінде өміршең бола береді, оған еш дау жоқ. Елімізде қаншама тепсе темір үзетіндей жастар жұмыссыз жүр. Жұмыссыз жүргеніне олар кінәлі емес. Қазіргі жұмыспен қамтудың уақытша бағдарламалары мәселені түбегейлі шешпейді. Бізге тұрақты жұмыс орындары керек. Ол үшін, әрине, өндіріс орындарын көптеп ашу керек. Ондай кәсіпорындарды ашуын ашып алып, ақырында бәсекеге төтеп бере алмай, жабылып қалғандары қаншама?! Бәсекеге төтеп беру үшін тауардың бағасы төмен болу қажет. Біз электр энергиясын сырттан тасымалдап отырғанда тауардың бағасы қайдан төмен болады. Мұның өзі бағаның күрт өсуіне бірден әсер етіп жатады. Ал, тау-кен өндірісі – мүлдем электр қуатынсыз жұмыс істей алмайтын, үздіксіз тұрақты энергия көзін қажет ететін сала. Дамыған елдердің бәрінде атом электр стансалары жұмыс істеп тұр, одан қорқып-үркіп отырған халықты көрмедім.

Атом электр стансасы – атом ядросының энергиясын электр энергиясына айналдыратын станса. Ядро-

тардың шығарындылары анағұрлым төмен.

Төртіншіден, атом электр стансасы бар елдер энергетикалық тәуелсіздікке ие бола отырып, ғылыми зерттеулер мен инновациялардың дамуына жол ашады. Соның әсерінен жаңа өндіріс орындары ашылып, жұмыссыздықтың азаюына оңды әсер етеді.

Атом электр стансаларының пайда болу тарихына келсек, ең алғашқы, қуаты бар-жоғы 5 МВт болатын АЭС Ресейдің Обнинск қаласында 1954 жылы салынған. Кейін Англияда, Америкада қуаттылығы 60 МВт-қа жететін АЭС-тер салынды.

Ешкімге жасырын емес, дамыған немесе дамушы елдер атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдануда. Атом энергетика саласы жетекші өндіріс болып саналады. Дүние жүзінде ядролық саланың қауіпсіздігін, ядролық электр энергиясы нарығын бақылайтын, Біріккен Ұлттар Ұйымына қарайтын МАГАТЭ – Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік жұмыс істейді. Осы ұйымның деректеріне көз жүгіртсек, әлемдегі тек 30 мемлекеттің өзінде 400-ден аса энергоблок бар екен. Бүгінгі таңда Францияның ішкі энергобалансындағы барлық энергоқуаттың 70 пайызын АЭС реакторы береді. АҚШ-та – 94, Францияда – 56, Қытайда –

энергияларын өзіміздегі өндірістердің сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Оның үстіне табиғи энергия, климаттың ерекшелігіне, географиялық және техникалық мәселелерге тәуелді, кез келген жерге қондырғыларды орналастыра алмайсыз. Алайда, бұл энергия өндірісі жұмысын ары қарай жалғастыра береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық мәселені ой елегінен өткізе отырып, АЭС салу жөнінде талқылауды бүкілхалықтық референдумға шығаруы, ел талқысына салуы өте орынды. Атом электр стансалары керек. Ол біздің бәсекеге қабілетті қуатты мемлекет болуымыз үшін керек! Әділетті Қазақстан болу, өндірісі өркендеген тәуелсіз ел болу – біздің межеміз. Бұл – менің ғалым ретінде ғана емес, қазақ деген ұлтың ұрпағы ретіндегі азаматтық көзқарасым.

Референдум халықтың ойын, болашаққа деген ұстанымын білдіреді. Яғни жалпы қоғамның позитивті көзқарасының деңгейін айқындайтын болады.

Хамит СӨРСЕНБАЕВ,
техника ғылымдарының
кандидаты,

М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан зерттеу
университетінің доценті.